



Қазақстанның сақтандыру секторы 2020 ж.

ҚАЗАҚСТАН
ҚАРЖЫГЕРЛЕР
ҚАУЫМДАСТЫҒЫ



АССОЦИАЦИЯ
ФИНАНСИСТОВ
КАЗАХСТАНА

ақпан 2021

Негізгі тенденциялар

- Сақтандыру компанияларының активтері елдегі күрделі экономикалық жағдайға қарамастан 2020 жылы 23,2 % -ға өсті.
- Өмірді сақтандыру секторы озыңқы қарқынмен өсуде. ӨСК активтері 2020 жылы 37,7 % -ға өсті.
- 2020 жылы сектордың таза сақтандыру сыйлықақылары 12,1 % -ға ұлғайып, 473,8 млрд теңгені құрады, ал таза сақтандыру төлемдері 2,7% - ға, 101,2 млрд теңгеге дейін қысқарды.
- 2020 жылы сектордың таза пайдасы өткен жылмен салыстырғанда 45,7 % -ға ұлғайып, 114,2 млрд теңгені құрады.
- Бұл сектор пайдасының өсуіне сондай-ақ инвестициялық табыстың 76,8 млрд теңгеден 128,0 млрд теңгеге дейін ұлғаюы ықпал етті.
- ӨСК таза пайдасы 2019 жылмен салыстырғанда 63,4 % -ға артып, 33,5 млрд теңгені құрады.

АКТИВТЕР

₸ 1 486,3 млрд

▲ 23,2%

САҚТАНДЫРУ РЕЗЕРВТЕРІ

₸ 685,6 млрд

▲ 20,2%

МЕНШІКТИ КАПИТАЛ

₸ 665,4 млрд

▲ 20,3%

БӨЛІНБЕГЕН КІРІС

₸ 114,2 млрд

▲ 45,7%

САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ*

₸ 568,1 млрд

▲ 11,7%

ТАЗА САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ*

₸ 473,8 млрд

▲ 12,1%

САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ*

₸ 149,9 млрд

▼ 32,3%

ТАЗА САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ*

₸ 101,2 млрд

▼ 2,7%

ӨСК АКТИВТЕРІ

₸ 604,0 млрд

▲ 37,7%

ӨСК САҚТАНДЫРУ СЫЙЛЫҚАҚЫЛАРЫ

₸ 228,9 млрд

▲ 16,0%

* ӨСК САҚТАНДЫРУ ТӨЛЕМДЕРІ *

₸ 27,2 млрд

▲ 23,5%


ӨСК БӨЛІНБЕГЕН КІРІСІ*

₸ 33,5 млрд


▲ 63,4%

Активтер

Қызмет түрі бойынша активтер, млрд теңге



2020 жылы Топ-10 активтердің өсуі бойынша, млрд теңге




■ Жалпы сақтандыру компанияларының активтері ■ ӨСК активтері


Дереккөз: ҚРҰБ веб-сайты. Ескерту: мәндер 2020 жылдың қорытындысы бойынша, егер басқаша көрсетілмесе, млрд

Сақтандыру сыйлықақылары

Сақтандыру түрлері бойынша, млрд теңге




Сақтандыру компаниялары бөлінісінде, млрд теңге




Сақтандыру төлемдері

Сақтандыру түрлері бойынша, млрд теңге



Сақтандыру компаниялары бөлінісінде, млрд теңге




Кірістер мен активтердің құрылымы


Қызмет түрлері бойынша табыс, млрд теңге



Активтердің құрылымы



Дереккөз: ҚРҰБ веб-сайты. Ескерту: мәндер 2020 жылдың қорытындысы бойынша, егер басқаша көрсетілмесе, млрд



Кезеңнің қысқаша нәтижелері

Ел экономикасы үшін күрделі кезеңге қарамастан, сақтандыру секторы 2020 жылы күшті нәтижелер көрсетті. Мәселен, сектордың активтері 23%-ға өсті. Барлық сектор үшін өсудің негізгі нүктелерінің бірі өмірді сақтандыру болып қалады (ӨСК активтері 38%-ға өсті, жоғарыдан қараңыз).

Сектор активтерінің құрылымында ең көп үлесті бағалы қағаздар алады (барлық активтердің 69%-ы). Бағалы қағаздар портфелінің өсуі (+33%) және оның оң валюталық қайта бағалануы сектордың инвестициялық қызметтен түсетін кірісінің ұлғаюына (+67%) алып келді.

Сонымен қатар клиенттерге қызмет көрсетудің қашықтан форматына жедел көшу секторға қатаң карантиндік шектеулер кезінде сақтандыру қарқынын сақтап қана қоймай, осы қарқынның жеделдеуіне ықпал етті. 2020 жылдың қорытындысы бойынша сақтандыру компаниялары 568,1 млрд теңгеге (+12%) сақтандыру сыйлықақыларын жинақтап тартты, ал таза сақтандыру сыйлықақыларының сомасы 473,8 млрд теңгеге (+12%) дейін ұлғайды.

Сақтандыру сыйлықақылары көлемінің аталған ұлғаюы сектор кірісінің сақтандыру қызметінен 458,1 млрд теңгеге дейін (+15%) өсуіне алып келді. Сақтандыру және инвестициялық қызметтен түсетін кірістің өсуін ескере отырып және сақтандыру төлемдерінің бір мезгілде төмендеуі кезінде (оның ішінде карантиндік шектеулер мен сақтандыру жағдайларының төмендеуіне байланысты) сектордың таза пайдасы 2020 жылы 114,2 млрд теңгені (+46%) құрады. Осыған орай, сектор активтерінің орташа өлшенген рентабельділік көрсеткіші (RoAA) 2019 жылғы 7,1%-дан 2020 жылы 8,6%-ға дейін жақсарды, ал капиталдың орташа өлшенген рентабельділік көрсеткіші (RoAE) 15,6%-дан 18,9%-ға дейін өсті.

Экономикалық белсенділіктің күтілетін қалпына келуін ескере отырып және сақтандыру өнімдерінің салыстырмалы түрде төмен енуі аясында (орташа жалақы 222,3 мың теңге болған кезде сақтандыру сыйлықақыларының жан басына шаққандағы қатынасы — 27,6 мың теңге) — сектордың өсуі үлкен ықтималдықпен екі таңбалы сандар шегінде сақталады, бұған заңды және жеке тұлғалар тарапынан сақтандыру өнімдеріне қызығушылықтың артуы ықпал ететін болады.